Бөлім:	6.1VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Махамбетова Ардақ
Күні:	06.10.2026 (6D) 08.10.2026 (6E) 07.10.2026 (6G) 08.10.2026 (6J) 07.10.2026 (6H)
Сынып: 6D,6E,6G,6J,6H	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қимақ қағанаты. Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды анықтау
Сабақтың мақсаты	Қимақ қағанатының қалаларын анықтайды Қимақтардағы қалалық мәдениетінің дамуы, өндірістік қатынастар мен сауданың дамуы туралы деректерді сипаттайды Қимақтардың қалалары туралы араб деректерін талдайды
Құндылықтар	Тәуелсіздік және отаншылдық
Апта дәйексөзі:	Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут Жаңа тақырыпқа қадам	I. Ұйымдастыру кезеңі Амандасу, оқушыларды түгендеу «Қалаларға саяхат» әдісі арқылы оқушылардан ортағасырлық қалалардың атауларын сұрау II. Өткен тақырыптар бойынша білімдерін пысықтау «5 сұрақ » әдісі арқылы оқушылар топ болып 5 сұрақ дайындап, келесі топқа сұрақтар қояды Бір-бірін «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды III. Топқа бөлу. «Адасқан әріптер». Қимақ қала атаулары қиынды ретінде беріледі. Сол қиындылардан қала атауларын құрап, топ атауларын өздері анықтайды Имақия, Карантия, Көктұма, Дахлан IV.Сабақтың мақсаты мен тақырыбын анықтау - Қалай ойлайсыздар сіздердің топтарыңыз не себепті осылай аталды? - Бұл қай қағанаттың қалаларының атаулары деп ойлайсыздар? -Қала мәдениеті дегенді қалай түсінесіздер?	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу ЕБҚ оқушыны өзін сыныптан шеттетілгендей сезінбеуі үшін мұғалімнің үстеліне жақын, мінез-құлқы жайлы балалардың	мадақтау	Тақырыптық суреттер

3 минут	-Ортағасырлық қалалардың ерекшеліктері қандай? М Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері хабарланады.	тобына орналастыру		
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут 10 минут 5 минут	Қимақ қағанаты туралы суреттерді көрсету Ойлау дағдысы: Түсіну М: Оқушыларға қимақ қағанаты туралы мағлұмат беру ҮІІІ-ІХ ғасырлар аралығында Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында қимақ тайпалар одағы қалыптасты. Қимақтар туралы араб, парсы, түркі, қытай деректерінде айтылған. Осы деректер негізінде қимақтардың Батыс Моңғолия даласында өмір сүргенін білеміз. Ол жерден қимақтар VII ғ ортасында Алтай таулары мен Ертіс бойына көшті. ЕБҚ оқушыға дереккөздің форматын үлкейтіп, қолдау 1-ші тапсырма. «Ой қозғау» әдісі Ойлау дағдысы: Қолдану Мәтінмен , араб деректерімен жұмыс Әр топқа топ атауларындағы қимақ қалалары туралы мәтін және деректер таратылады. Мәтінді топта талқылап, сипаттама жасап, тапсырмаларды орындайды. 1 топ Имакия – тірек сызба сызу Деректер: Әл-Идриси: «Қимақ астанасы - Имекия темір қақпалы қорғандармен берік қоршалған, ішінде базарлары, ғибадатханалары бар ірі қала». Мәтін: Қимақтар IX.ғ. бастап өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүрген. «Худуд Әл-аламның» хабары бойынша, Қимақ мемлекетінің орталығы – Имакия қаласы. Парсы тарихшысы Гардизи қимақтар құрамында жеті тайпа болғандығын жазған. Олар: эймур, байандур, татар, ланиказ, ажлар, имек, қыпшақ. Ең атақтылары – қимақтар мен қыпшақтар. Қағанат билеушісі – “қаған”. Бұл атақтан екі саты төмен “ябғу” атағы болды. Жеке тайпа көсемдерін “шад-түтік” деп атаған. 2 топ Карантия- картамен жұмыс . Картадан Қимақ мемлекетінің аумағын, Карантия қаласын көрсету. Деректер Тамим Ібірі Бahр: «Қимақтарда қала мәдениеті мен сауда-саттық істері өрістеді, қимақ қағанының қолбасылық ордасының жанында тұратын қала және оның атырабында егін егетін отырықшы мекендері бар» Мәтін: Жазба деректердің хабарына қарағанда қимақтардың екінші орталығы – Алакөлдің шығыс жағындағы Карантия қаласы.	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс Сұрақ-жауап ұйымдастырыңыз. Оқушылар бір-бірінің жауаптарын толықтырады Оқушылар Қимақ қағанатының этникалық құрамы мен қоғамдық құрылысын тірек-сызба ретінде көрсетеді Дескриптор: - Қимақ қалаларының орналасқан аумағын картадан көрсетеді; - Қимақтардағы қалалық мәдениеттің дамуы туралы деректерді талқылайды, сипаттайды; - Ұлы Жібек жолының қимақ	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады «Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық» «Жұлдызшалар» ҚБ:	Таратпа материалдар http://e-history.kz Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. (Научное издание) - Т.1. - ТОО «Жалын баспасы», 1998. Байпаков К. М.Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI— начало XIII в.).— Алма-Ата, Наука КазССР, 1986.

10 минут	3-топ Көктұма – картамен жұмыс Картадан Көктұма қаласын тауып, қала туралы мағлұматтар айтып, қимақтардың көрші мемлекеттерін картадан көрсетіңіз Мәтін: Көктұма– ортағасырлық қала орны. Қазіргі Алматы облысы Алакөл ауданындағы Көктұма ауылының жанында, Алакөлдің оңтүстік-шығыс жағасында орналасқан. Көктұманы 1957 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеген. Табылған бұйымдардың дені қыштан жасалған заттар (хұмдар, қос құлақты құмыралар, батырып та, қалыптап та өрнектеген тақталар). Бұлар б.з. 9 – 11 ғасырларына жатады. Көктұма – 9 ғасырда қимақтардың Дамурия деп аталған қаласы, ал Шыңғыс хан империясыкезінде өлке орталық болған. Қазір қаланың орны түгел дерлік жойылуға айналған. 4 топ Дахлан – тірек сызба сызу Деректер: Қимақтарда жазу болған деп топшылауға дәлел бар. Мұны Әбу Дулафтың мына сөзінен көреміз: «Оларда қамыс өседі, бұл қамыспен олар жазады». Тегі қимақтар қамыс қаламмен жазып, мұнда ежелгі түрік әліппесін пайдаланған болуы керек. Мұны Ертіс бойынан, Тарбағатай тауларынан табылған заттар — мезгілі IX—X ғасырларға қатысты түрік жазулары бар қола айналар да көрсетеді. ЕБҚ: оқушыға тапсырманың нақты бір бөлігін ерекшелеп көрсетіп беріледі. 2 тапсырма. Ойлау дағдысы: Талдау «Ұлы Жібек жолы»тақырыбында шағын бейнебаян көрсету. Эссе жазу Оқушылар «Ұлы Жібек жолының қимақ қалаларының мәдениетінің дамуына қосқан үлесі» тақырыбына30 сөзден тұратын эссе жазады. Топта талдап, үздік шыққан эссені таңдап алып оқиды.	қалаларының мәдениетінің ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады. дамуына тигізген әсерін біледі. ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады.	«Үш қадам» әдісі ҚБ: «От шашу»	
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс «Стикердегі жазба» ❖ Қиын болды… ❖ Бүгін мен білдім… ❖ Қызықты болды…	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Қимақ қағаны			